

*Жеке тұлғаға, заңды тұлғаға,  
заңды тұлғаның өкілдігіне/филиалына/  
жеке кәсіпкерге/адвокатқа/жеке нотариусқа/жеке сот орындаушысына  
/кәсіби медиаторға арналған  
механикалық сейфті (ұяшықты) жалға алу шартының  
үлгілік формасы*

## **МЕХАНИКАЛЫҚ СЕЙФТІ (ҰЯШЫҚТЫ) ЖАЛҒА АЛУ ШАРТЫ**

Механикалық сейфті (ұяшықты) жалға алу шарты (бұдан әрі – Шарт) «First Heartland Jysan Bank» АҚ-тың (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғаларға (Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері), сондай-ақ заңды тұлғаға, заңды тұлғаның өкілдігіне/филиалына/жеке кәсіпкерге/адвокатқа/жеке нотариусқа/жеке сот орындаушысына /кәсіби медиаторға (бұдан әрі – Жалға алушы) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес автоматтандырылған сейфтік депозитарийде механикалық сейфтерді (ұяшықтарды) жалға беру жөніндегі операцияларды жүргізуінің шарттары мен тәртібін анықтайды, Тараптардың құқықтары, міндеттерін, сондай-ақ Банк және Жалға алушы арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшелігін (төменде анықталғандай) белгілейді.

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты болып табылады, шарт талаптарын Жалға алушы осы Шарттың 1 немесе 2-қосымшасына сәйкес осы Шартқа қосылу өтінішінің (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) негізінде осы Шартқа толық қосылу жолымен қабылдай алады. Банк және Жалға алушы туралы мәліметтер Қосылу туралы өтініште көрсетіледі. Бұндай кезде Қосылу туралы өтініш және Шарт бірыңғай құжат болып табылады.

Жалға алушының Қосылу туралы өтінішке қол қоюы төмендегілерді куәландырады:

- Жалға алушы Шарт талаптарын толық көлемде қандайда да бір ескертпесіз және қарсылықсыз оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын;
- Шартта Жалға алушы үшін оның саналы түрде түсінетін мүдделеріне қарай қабылдай алмайтын қандай да бір ауыртпалықты талаптардың жоқ екенін;
- Банкте Жалға алушы қол қойған Қосылу туралы өтініш болатын жағдайда Жалға алушы Шартты оқымағаны/түсінбегені/қабылдамағанының дәлелі ретінде Шартта өз қолының болмауына сілтеме жасауға құқығы жоқ;
- Жалға алушы сейфті (ұяшықтарды) жалға беру бойынша барлық шарттармен келіседі;
- Шарттың барлық ережелері Жалға алушының мүдделері мен ерік білдіруіне толық сәйкес келеді;
- Жалға алушы Шартты жасасу және сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін қажетті барлық процедураларды орындады;
- шартты жасасу және оның талаптарын орындау, соның ішінде Шарт бойынша сейфтерді (ұяшықтарды) жалға алу Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Жалға алушыға қатысты қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайды және олардың бұзылуына әкелмейді.

Өтініштің мәтінінде басқасы қарастырылмаса, Банк Жалға алушыдан сейфті (ұяшықты) жалгерлікке ұсыну жөніндегі қызметтерінің шеңберінде Банктің тиісті белгісін қою арқылы қабылдаған Шарттың барлық Қосымшалары (болған жағдайда), өтініштер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

### **1. Шарттың мәні**

- 1.1. Құндылықтар мен құжаттарды орналастыру үшін сейфті (ұяшықты) Жалға алушы жалға алады, ал Банк осы Шарттың талаптарына сәйкес уақытша иелік етуге және пайдалануға береді.
- 1.2. Жалға алушы осы Шартта және Банктің қолданыстағы Тарифтерінде (бұдан әрі – Тарифтер) қарастырылған мөлшерде және мерзімде Банк қызметтерін төлейді.
- 1.3. Сейфтің, кілттің нөмірін Банк Қосылу туралы өтініште көрсетеді.

## **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

### **Жалға алушы міндетті:**

- 2.1. Сейфті (ұяшықты) пайдалану үшін жалгерлік ақыны Банк Тарифтеріне сәйкес төлеуге.
- 2.2. Сейфті (ұяшықты) оның зақымдануына жол бермейтін тәсілмен пайдалануға, кілттің сақталуын қамтамасыз етуге.
- 2.3. Комиссияны төлеуге, оның мөлшері туралы ақпарат сейфтің (ұяшықтың) құлын Жалға алушының кінәсінен ауыстырғаны немесе ол кілтті жоғалтқаны үшін Банктің [www.jysanbank.kz](http://www.jysanbank.kz) интернет-ресурсында (бұдан әрі – Банктің интернет-ресурсы), сондай-ақ филиалдардың (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде орналастырылған.
- 2.4. Сейфті (ұяшықты) Шарт талаптарына сәйкес пайдалануға, соның ішінде сейфке (ұяшыққа) сақтауға тыйым салынған заттарды орналастырмауға, сейфті (ұяшықты) жарылғыш және тез тұтанатын заттектерді, ату жарақтары, дәрімен атылатын, газ және суық қару, химиялық, уландырғыш радиоактивті, наркотикалық және психотроптық заттектерді, тірі организмдерді және шығу тегі биологиялық заттарды, азық-түлік тағамдарын және тез бүлінетін заттарды, азаматтық айналымнан алынып тасталған немесе заңнамаға сәйкес азаматтық айналымына шектеу қойылған заттарды, Банкке және Банк қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін өзге мүлікті сақтау үшін пайдаланбауға.
- 2.5. Жалға алу мерзімі аяқталғаннан кейін сейфті (ұяшықты) босатуға, кілтті жарамды күйінде Банктің жауапты қызметкеріне тапсыруға.
- 2.6. Сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін уақтылы төлемегені үшін Банкке айыппұл төлеуге, айыппұлды есептеу күні қолданыста болатын айыппұл мөлшері туралы ақпарат Банктің интернет-ресурсында, сондай-ақ филиалдардың (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде орналастырылған.
- 2.7. Жалға алушының орналасқан жері/тұрғылықты жері, жеке тұлғасын куәландыратын құжатының деректері, сондай-ақ өзге деректемелердің (байланыс телефондары, электрондық мекенжайы және т.б.) өзгеруі туралы Банкке үш күндік мерзімде жазбаша түрде немесе Шарттың 11.13-тармағында көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы бұндай өзгертулерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын / нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынып, хабарлауға міндетті. Хабарламаған және/немесе уақтылы хабарламаған жағдайда Банк бұндай хабарламау және/немесе тиісті түрде хабарламау салдарынан Жалға алушыға келтірілуі мүмкін зиян үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 2.8. Төменде көрсетілген әрекеттерді жасаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күннің ішінде жазбаша түрде немесе Шарттың 11.13-тармағында көрсетілген басқа байланыс құралдары арқылы бұндай әрекеттерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын/ нотариалды куәландырылған көшірмелерін ұсынып, Банкке хабарлауға:
  - 1) үшінші тұлғаларға сейфті (ұяшықты) пайдалану және сейфтегі (ұяшықтағы) Жалға алушының құндылықтары мен құжаттарына иелік етуге;
  - 2) сейфті (ұяшықты) пайдалануға және сенімхат негізінде Жалға алушының сейфінде (ұяшығында) орналасқан құндылықтар мен құжаттарға иелік етуге уәкілетті тұлғалардың өкілеттіктері мерзімінен бұрын аяқталған кезде.Жалға алушы осы тармақта белгіленген хабарлама беру тәртібін бұзған жағдайда Банк Жалға алушыға бұндай бұзу салдарынан келтірілуі мүмкін зиян үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 2.9. Банк Шарттың 2.20 тармағына сәйкес хабарландырған жағдайда жауап беруге, сондай-ақ бірінші талап ету бойынша Банк белгілеген мерзімде Банкке келуге.
- 2.10. 1 (бір) жұмыс күннен кешіктірмей кілтті жоғалтқаны туралы Банкке хабарлауға міндетті.

Хабарламаған және/немесе уақтылы хабарламаған жағдайда Банк Жалға алушыға бұндай хабарламау және/немесе уақтылы хабарламау салдарынан келтірілуі мүмкін зиян үшін жауапкершіліктен босатылады.

2.11. Банк Тарифтерімен жеке танысып шығуға, тарифтер туралы ақпарат Банктің интернет-ресурсында, сондай-ақ филиалдардың (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде орналастырылған.

**Жалға алушы құқылы:**

2.12. Сейфті (ұяшықты) пайдалану құқығын сенім жүктелген тұлғаға беруге.

2.13. Құлыптың зақымдануы кезінде жазбаша өтініштің негізінде сейфті (ұяшықты) ауыстыруға (Шартқа №4 қосымша).

2.14. Сейфке (ұяшыққа) орналастырылатын құндылықтар мен құжаттардың тізімдемесін жасауға.

2.15. Осы Шартта белгіленген уақыт аралығында сейфке (ұяшыққа) еркін қол жеткізуге.

2.16. Біржақты тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға, сейфті (ұяшықты) босатуы және кілтті Банктің уәкілетті қызметкеріне тапсыруы тиіс. Бұндай жағдайда жалға алудың қалған мерзімі үшін жалгерлік ақы қайтарылмайды.

**Банк міндетті:**

2.17. Осы Шарттың қолданыс мерзімі бойы сейфтің (ұяшықтың) сақталуын және тұтастығын қамтамасыз етуге.

2.18. Жалға алушыға сейфті (ұяшықты) жөндемді, осы Шартта қарастырылған мақсаттарда пайдалану үшін жарамды жағдайда ұсынуға.

2.19. Сейфке (ұяшыққа) осы Шартта белгіленген уақытта құндылықтар мен құжаттарды орналастыру немесе сейфтен (ұяшықтан) оларды алу үшін Жалға алушының сейфке (ұяшыққа) еркін қол жеткізуін қамтамасыз етуге.

2.20. Сейфтегі (ұяшықтағы) құндылықтар мен құжаттардың жойылуына немесе зақымдануына әкелуі мүмкін жағдайлар туралы Жалға алушыға бұндай жағдайлар анықталған күннен бастап үш жұмыс күннің ішінде хабарлауға.

2.21. Осы Шартты жасасу кезінде Жалға алушыны Банктің қолданыстағы Тарифтерімен таныстыруға.

2.22. Жалға алушының сейфінде (ұяшығында) орналасқан құндылықтар мен құжаттардың жойылу немесе зақымдану қаупі туындаған жағдайда Жалға алушының жауабын күтпей осы Шарттың 4-тарауында қарастырылған іс-шараларды жүзеге асыруға (2.9 т.).

2.23. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның уәкілетті тұлғасына сейфте (ұяшықта) сақталатын резервті көшірмелердің (номиналды ұстауды есепке алу жүйесін құрайтын электрондық деректердің) нақты болуын және сақталуын Жалға алушының қатысуымен тексеру үшін сейфке (ұяшыққа) қол жеткізуін қамтамасыз етуге (номиналды ұстау қызметтерін көрсететін бағалы қағаздар нарығының қатысушылары, бизнес-клиенттер үшін).

2.24. Банктің кінәсі бойынша сейфтің(ұяшықтың)/сейф (ұяшық) құлпының техникалық ақаулығы туындаған кезде Жалға алушыға сейфті(ұяшықты) осыған ұқсас қолда бар сейфке (ұяшыққа) ауыстыруға.

2.25. Осы Шарттың 2.24-тармағы орындалмаған жағдайда, Жалға алушыға сейфті (ұяшықты) жалға берудің қалған мерзімі үшін жалгерлік ақыны қайтаруға.

**Банк құқылы:**

2.26. Сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін Тарифтерді дербес белгілеуге.

2.27. Тарифтерді біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы, бұл туралы Жалға алушыға тиісті ақпаратты Банк филиалдарының (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде, сондай-ақ Банктің интернет-ресурсында бұндай өзгертулер қолданысқа енгізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей хабардар етіледі.

2.28. Шартты жасасу кезінде және Шарттың қолданыс мерзімінің ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған кез келген құжаттарды талап етуге.

2.29. Жалға алушы сейфті (ұяшықты) осы Шарттың 2.2 т., 2.4 т. талаптарын бұзып пайдаланса Шартты мерзімінен бұрын бұзуға. Осы жағдайда жалға алудың қалған мерзімі үшін жалгерлік ақы қайтарылмайды.

2.30. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда қызмет көрсетуден бас тартуға (клиентті сәйкестендіруді жүргізу үшін қажетті клиент мәліметтерін тіркеу мүмкіндігі болмаған, сондай-ақ ол ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған кезде).

2.31. Жалға алушы (оның өкілі) және бенефициарлық меншіктенуші туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру және оларды жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Жалға алушы ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Жалға алушыға қызмет көрсету барысында Жалға алушы іскерлік қарым-қатынасты Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында (бұдан әрі – ҚР КЖК/ТҚ) қарастырылғандай қылмыстық жолмен немесе терроризмді қаржыландыру арқылы алынған кірістерді заңдыстыру (жылыстату) мақсатында пайдаланатынына күдік туындаған жағдайда Жалға алушымен іскерлік қарым- қатынасты тоқтатуға.

2.32. Келесі жағдайларда Шартты орындаудан бас тартуға және Жалға алушыдан сейфті (ұяшықты) босату, кілтті тапсыруды талап етуге:

- егер Жалға алушы Банктің Жалға алушыны бұндай әрекеттерді тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан сейфті (ұяшықты) Шарт талаптарын немесе сейфті (ұяшықты) пайдалану мақсатын елеулі бұзушылықпен пайдаланса;

- егер Жалға алушы Банктің бұндай әрекеттерді тоқтату туралы жазбаша ескертуіне қарамастан сейфті (ұяшықты) қасақана немесе абайсызда елеулі нашарлататын болса;

КЖК/ТҚ заңында қарастырылған тәртіпте және негіздер бойынша. Банк Қосылу туралы өтініштің деректемелерінде көрсетілген Жалға алушының мекенжайы бойынша шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күннің ішінде электронды түрде немесе пошта арқылы (Банктің қалауы бойынша) осы Шартты (толық) орындаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді. Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап бұзылған болып саналады, бұл кезде Тараптар арасында қандай-да бір келісімдер жасау талап етілмейді.

### **3. Тараптардың жауапкершілігі, жауапкершілікті алып тастауға негіздер**

#### **Банктің жауапкершілігі:**

3.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта белгіленген шектерде осы Шартты орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілікте болады.

3.2. Банк сейфтің (ұяшықтың) тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз етпеуі үшін жауапкершілікте болады.

3.3. Банк Жалға алушы немесе оның өкілінің иеленуі және/немесе сейфте (ұяшықта) орналастыруы заңсыз болып танылған (танылатын) заттарды, құндылықтарды және құжаттарды сейфте (ұяшықта) орналастыруы үшін, сондай-ақ бұндай иелену және/немесе Банктің сейфі (ұяшығында) оларды орналастыру салдарынан немесе нәтижесінде Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген зиян үшін жауапкершілікте болмайды.

3.4. Жалға алушы Банкке кілтті жоғалтқаны туралы хабарламаған жағдайда Банк сейфтегі (ұяшықтағы) құндылықтар мен құжаттар үшін жауапкершілікте болмайды.

3.5. Жалға алушының сейфтегі (ұяшықтағы) ақшасынан және басқа мүлкінен сот шешімінің негізінде ақы өндіріп алу жағдайында Банк сейф (ұяшық) ішіндегі заттарды беру үшін материалдық жауапкершілікте болмайды.

3.6. Банк Жалға алушының осы Шартта қарастырылған міндеттерін орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау салдарынан Жалға алушыға келтірілген зиян үшін жауапкершілікте болмайды.

3.7. Егер заттардың жойылуы, жетіспеуі немесе зақымдануы еңсерілмейтін күш жағдайларынан немесе заттың өз қасиеттерінен немесе Жалға алушының пиғылы немесе абайсыздығынан болса

Банк сейфтегі (ұяшықтағы) заттардың жойылуы, жетіспеуі және зақымдануы үшін жауапкершілікте болмайды.

3.8. Кез келген жағдайларда Банк осы Шарт талаптарын бұзған кезде оның жауапкершілігі Жалға алушыға келтірілген нақты зиян мөлшерімен шектеледі.

**Жалға алушы төмендегілерге жауапкершілікте болады:**

3.9. Осы Шарттың 2.5. тармағын бұзу үшін - мөлшері айыппұлды төлеу күні қолданыста болатын Банк Тарифтеріне сәйкес анықталатын сейфті (ұяшықты) жалға алу үшін уақтылы төлемегені үшін айыппұл төлеу арқылы.

3.10. Кілтті жоғалту немесе құлыптың Жалға алушы кінәсінен сынып қалуы немесе кілтті үшінші тұлғаларға табыстау салдарынан Банкке келтірген зияны үшін.

3.11. Жалға алушы немесе оның өкілінің иеленуі және/немесе сейфте (ұяшықта) орналастыруы заңсыз болып танылған (танылатын) заттарды, құндылықтарды және құжаттарды сейфте (ұяшықта) орналастыруы үшін, сондай-ақ бұндай иелену және/немесе Банктің сейфі (ұяшығында) оларды орналастыру салдарынан немесе нәтижесінде Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірілген кез келген зиян үшін.

3.12. Сейфте (ұяшықта) сақтауға тыйым салынған заттарды, жарылғыш және тез тұтанатын заттектерді, ату жарақтары, дәрімен атылатын, газ және суық қару, химиялық, уландырғыш радиоактивті, наркотикалық және психотроптық заттектерді, тірі организмдерді және шығу тегі биологиялық заттарды, азық-түлік тағамдарын және тез бүлінетін заттарды, азаматтық айналымнан алынып тасталған немесе заңнамаға сәйкес азаматтық айналымына шектеу қойылған заттарды, Банкке және Банк қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін өзге мүлікті орналастыру үшін.

3.13. Осы Шарттың талаптарын бұзумен, сондай-ақ сейфтегі (ұяшықтағы) заттардың қасиеттерінен Банкке және/немесе үшінші тұлғаларға келтірген зиян үшін.

3.14. Банкке ұсынылатын құжаттардың анық еместігі, сондай-ақ сейфті (ұяшықты) тиісті түрде пайдаланбауы үшін.

#### **4. Сейфті (ұяшықты) мәжбүрлі түрде ашу**

4.1. Банк келесі жағдайларда Жалға алушының қатысуынсыз жалға алу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай өткеннен кейін Жалға алушы (оның өкілі) келмей қалған жағдайда үш қызметкердің көзінше, ашу актісін жасаумен сейфті (ұяшықты) мәжбүрлі түрде ашуды жүргізуге құқылы:

- 1) Жалға алушы Шарттың сейфті пайдалану бойынша талаптарын сақтамаған кезде;
- 2) Жалға алушының жалға алу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң келмеуі;
- 3) заңнамаға сәйкес Жалға алушы жалға алған сейфтің (ұяшықтың) ішіндегісін мәжбүрлі түрде алуға құқығы бар соттан, уәкілетті мемлекеттік органнан, мемлекеттік органның лауазымды тұлғасынан, жеке сот орындаушысынан құжаттарды алған кезде;
- 4) заңнамада қарастырылған өзге жағдайларда.

4.2. Банк сейфті (ұяшықты) ашқанға дейін 1 (бір) ай бұрын Жалға алушыға Қосылу туралы өтініште көрсетілген деректемелер бойынша тапсырысты хат түрінде сейфті (ұяшықты) ашу себептері және уақыты туралы хабарламаны жолдайды. Егер Жалға алушы Банкке деректемелердің өзгергені туралы Шартта қарастырылған тәртіпте Банкке хабарламаса, ол тиісті түрде хабарландырылған болып саналады.

4.3. Тез бүлінетін/кейін (ұзақ) сақтауға келмейтін заттарды, соның ішінде Банк мүлкіне және оның қызметкерлеріне зиян келтіруі мүмкін және акт негізінде жойылатын заттарды қоспағанда сейфтің (ұяшықтың) ішіндегісі Банктің қоймасына сақтауға тапсырылады және Жалға алушы комиссияны төлеу күніне қолданыста болатын Банк тарифтеріне сәйкес ашылған сейф (ұяшық) құлпын ауыстыруға комиссияны төлегеннен кейін Жалға алушының бірінші талабы бойынша қайтарылады.

4.4. Сейфтен (ұяшықтан) алынған құндылықтар Банк қоймасына құндылықтарды сақтау үшін төлемді есептемей, сейф (ұяшық) ашылған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде Банк қоймасында жауапты сақталуда болады.

4.5. Жалға алушы сейф (ұяшық) ашылған күннен бастап бір жыл өткен соң келмеген жағдайда, Банк сейф (ұяшық) ішіндегісіне өз қалауынша иелік етуге, соның ішінде заңнамада қарастырылған тәртіпте сатуға құқылы.

## **5. Жалгерлік ақы.**

5.1. Жалгерлік ақы Шартты жасасу күні әрекет ететін Банктің Тарифтеріне сәйкес белгіленеді.

5.2. Жалгерлік ақыны Жалға алушы жалға арудың барлық мерзімі үшін бір уақытта төлейді. Сейф (ұяшық) Жалға алушыға жалгерлік ақы төленгеннен кейін ғана ұсынылады. Төлем Банк көрсеткен шотқа қолма-қол ақшасыз аудару арқылы және Банктің кассасына қолма-қол ақшалай енгізу арқылы да жүргізілуі мүмкін.

5.3. Сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

## **6. Сейфке қол жеткізу**

6.1. Сейфке (ұяшыққа) қол жеткізу Банк клиенттерге операциялық қызмет көрсету кезіндегі жұмыс уақыты кезеңінде ашық. Банктің жұмыс режимі туралы ақпарат филиалдардың (филиалдар қосымша орынжайларының) Жалға алушыға көрінетін жерлерінде, сондай-ақ Банктің интернет-ресурсында орналастырылған.

6.2. Сейфті (ұяшықты) жалға алу Жалға алушыға сейфтен (ұяшықтан) кілтті беру арқылы ресімделеді, бұл ретте осы Шарттың №3 қосымшасына сәйкес Сейфті (ұяшықты) жалға беру актісіне қол қойылады.

6.3. Сейфті (ұяшықты) Жалға алушы Банктің жауапты қызметкерінің көзінше ашады және жабады.

6.4. Сейфтің (ұяшықтың) қос механикалық кілтті құлпы бар. Құлып екі әр түрлі кілт – Банк қызметкерінің кілтімен және Жалға алушы кілтімен бір мезгілде ашылады, Сейфті (ұяшықты) Жалға алушы өз кілтімен жабады, Банк қызметкерінің кілтімен ашылатын құлып автоматты түрде жабылады.

6.5. Банкке әрбір өтініш білдіру кезінде:

- Жалға алушының – жеке тұлға, жеке кәсіпкер, адвокат, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, кәсіби медиатордың жеке тұлғасын куәландыратын құжаты, Банк Жалға алушыға берген кілті болуы тиіс;

- Жалға алушы-заңды тұлғаның/жеке тұлғаның уәкілетті өкілінде - жеке тұлғасын куәландыратын құжат және осы тұлғаның уәкілеттігін растайтын сенімхат, Банк Жалға алушыға берген кілті болуы тиіс.

6.6. Банк келесі жағдайларда Жалға алушыны жалға алынған сейфке (ұяшыққа) қол жеткізуге рұқсат етпеуге құқылы:

1) Жалға алушының Шарт талаптарын бұзуы;

2) Жалға алушыда жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың болмауы;

3) Жалға алушыда сейфтен (ұяшықтан) кілттің болмауы;

4) Жалға алушыда сейфті (ұяшықты) пайдалану үшін жалгерлік ақы толық төленгенге дейін жалгерлік ақы бойынша берешектің болмауы;

5) жалға алынған сейфте (ұяшықта) орналасқан Жалға алушының мүлкіне (құндылықтарына) заңнамаға сәйкес тыйым салу.

## **7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары**

7.1. Тараптар ақылға қонымды шаралармен болжай алмаған, болдырмау мүмкін болмаған Шартты жасасудан кейін төтенше сипаттағы оқиғалар салдарынан туындаған еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан болған Шарт бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау үшін Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

7.2. Тараптар әсер ете алмайтын және пайда болғаны үшін жауапкершілікте болмайтын жағдайлар (мысалы: жер сілкіну, топан су, өрт және т.б.) еңсерілмейтін күш жағдайларына жатады.

7.3. Бұндай жағдайларға сілтеме жасайтын тарап он күндік мерзімде жазбаша түрде екінші

Тарапқа бұндай жағдайлардың басталуы туралы хабарлауы тиіс, бұған қоса екінші тарап талап етуі бойынша құзыретті орган берген құжат ұсынылуы тиіс.

7.4. Тарап үш күнтізбелік күн ішінде бұндай жағдайлардың әрекеті тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

7.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі бұндай жағдайлар және олардың салдары әрекет еткен мерзімге ұзартылады.

## **8. Шарттың қолданыс мерзімі және Шартты өзгерту тәртібі**

8.1. Осы Шарт Жалға алушы қол қойған және Банк Шарттың ажырамас бөлігі және Шарт жасасуды растау болып табылатын Қосылу туралы өтінішті қабылдаған күннен бастап (Банктің тиісті белгісін ұсыну арқылы) күшіне енеді. Шарт Тараптардың ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

8.2. Шарт қолданысы келесі жағдайларда тоқтатылуы мүмкін:

- Тараптардың жазбаша келісімі бойынша;

- осы Шартты бұзуға кедергі болатын жағдайлар болмау шартымен осы Шартқа сәйкес берілген Жалға алушының Шартты орындаудан бас тарту туралы бастамасы бойынша;

- осы Шартта белгіленген басқа жағдайларда.

8.3. Банк Жалға алушымен алдын ала келіспей біржақты тәртіпте Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізуге құқылы. Банк Жалға алушыға Шартқа енгізілген өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ақпаратты Банктің интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк филиалдары және олардың қосымша бөлімшелерінің операциялық залдарында Жалға алушыға көрінетін жерлерде орналастыру арқылы, бұндай өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілгенге дейін кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын хабарлайды.

8.4. Жалға алушының енгізілген өзгертулер/толықтырулар ескерілген Шарт талаптарын қабылдамауы туралы өтінішті Жалға алушыға Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгені туралы хабарланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннің ішінде Банкке ұсынбауы Жалға алушының Шарттың жаңа (өзгертілген/толықтырылған) редакциясымен келіскенін және енгізілген өзгертулер/толықтыруларды ескеріп, Шартқа толық қосылатынын білдіреді.

8.5. Шартқа өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілгеннен кейін ол өзгертілген/толықтырылған түрінде қолданыста болады.

8.6. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгертулер енгізілген кезде осы Шарттың 8.3.-8.5. тармақтарындағы тәртіпке сәйкес Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Шарт тараптары Қазақстан Республикасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

8.7. Сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күннің ішінде Жалға алушының осы Шарттың №5 қосымшасына сәйкес белгіленген формада берілген сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші негізінде ұзартылуы мүмкін. Бұндай кезде сейфті (ұяшықты) жалға алу шарттары жалға алу мерзімін ұзарту күнінен бастап Банк белгілеген және мерзімін ұзарту күніне қолданыста болатын сейфті (ұяшықты) жалға алудың стандартты шарттарына сәйкес белгіленеді. Жалға алушының сейфті (ұяшықты) жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтініші Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және жалға алу мерзімін ұзарту күніне қолданыста болатын сейфті (ұяшықты) жалға алу шарттарымен танысу және оларды қабылдауды растау болып табылады.

## **9. Дауларды шешу тәртібі**

9.1. Осы Шарт бойынша туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды Тараптар өзара қабылдауға боларлық шешімдерді әзірлеу мақсатында адын ала тәртіпте дербес қарастырады.

9.2. Келіссөздер арқылы реттелмеген осы Шартқа байланысты барлық даулар (келіспеушіліктер) Банктің немесе оның филиалының (Банктің қалауы бойынша) орналасқан мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады (азаматтық процестік заңнама талаптарына сәйкес айрықша соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда).

## **10. Құпиялылық**

10.1. Тараптардың осы Шартқа байланысты беретін кез келген ақпараты, сондай-ақ Шартты жасау фактісі құпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында немесе Шарттың талаптарында басқасы қарастырылмаса, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жария етілмейді.

10.2. Құпиялылық Жалға алушының кінәсінен бұзылған жағдайда немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздері арқылы белгілі болған жағдайда Жалға алушыға келтірілген залал үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

10.3. Қосылу туралы өтінішті бере отырып Жалға алушы Шарттың қолданыс мерзімі бойы Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелеріне, оларда бекітілген ақпаратты жариялау деңгейін қадағалау қажеттілігін белгілейтін Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кез келген ақпаратты жариялауын талап етуге құқылы, ал Жалға алушы Банкке оның талап етуі бойынша кез келген ақпаратты Банк белгілеген мерзімде беруге міндетті екеніне келіседі.

10.4. Шарт негізінде және Жалға алушының қандай да бір қосымша келісімінсіз келесі үшінші тұлғаларға ұсынуға уәкілетті етеді:

1) Жалға алушыға және/немесе Шартқа және/немесе Жалға алушы мен Банк арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын барлық және кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды - Банктің ірі қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, Банктің басқа үлестес заңды тұлғаларына; уәкілетті мемлекеттік органдар, соттар, құқық қорғау органдарына (соның ішінде анықтау органдарына және/немесе алдын ала тергеу органдарына, ұлттық қауіпсіздік органдарына) олардың сұрау салуы бойынша немесе Жалға алушы Банк алдындағы міндеттемелерін бұзған жағдайда немесе Жалға алушы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда, Банк осы Шарт бойынша талап ету құқықтарын берген кез келген үшінші тұлғаларға;

2) Банкке, Банк акционерлеріне және/немесе Банктің үлестес тұлғаларына қызмет көрсету үшін қажет және жеткілікті болып табылатын Жалға алушыға және/немесе Шартқа және/немесе Жалға алушы және/немесе Банк және/немесе үшінші тұлғалар арасында жасалған басқа да шарттарға, соның ішінде күші жойылғандарға қатысты, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленгендей банктік құпия болып табылатын кез келген ақпаратты, сондай-ақ коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпияларды, - Банкпен, Банк акционерлерімен және/немесе Банктің үлестес тұлғаларымен аналитикалық сауалнама жүргізу үшін, соның ішінде қарызды қайтару, консультациялық, заңнамалық, аудиторлық қызметтерді көрсету үшін, соның ішінде ақшаны төлеуді және/немесе аударуды жүзеге асыруға байланысты (соның ішінде банк-корреспонденттерді, төлем карточкалары жүйелерін және т.б.) осы қызметтерді көрсету үшін жалданған немесе болашақта жалданатын кез-келген үшінші тұлғаларға, бұл үшінші тұлғалардың Банк, Банк акционерлері және/немесе Банктің үлестес тұлғалары алдында өз міндеттемелерін орындау мақсатында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде өз қызметін атқару мақсатында (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, мемлекеттік кірістер органдарына, сондай-ақ бұндай ақпаратты/мәліметтерді ұсыну қажеттілігі/ міндеті туындайтын/бар басқа жағдайларда есептерді/есептемелерді/ақпаратты ұсыну);

